

## **«Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - «Қазгидромет» РМК немесе Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметінің бағыты болып табылады, оны заңнамалық талаптарға сай болуға жәрдемдесу, сыбайлас жемқорлыққа қатысу шығындарына, тәуекелдері мен залалдарына жол бермеу немесе оларды барынша азайту, іскерлік қарым-қатынасқа деген сенім мен батылдықты дамыту, сондай-ақ ұйымның беделін көтеру мақсатында Кәсіпорынның жоғары басшылығы ресми түрде тұжырымдады.

1. «Қазгидромет» РМК - мемлекеттік органдар мен ұйымдарға дауылды алдын ала ескертуді, таяп қалған қауіпті және табиғи құбылыстар жөнінде ресми түрде хабарлауды, Қазақстан Республикасының аумағында метеорологиялық, гидрологиялық мониторингті және қоршаған ортаның жай-күйі мониторингісін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ұлттық гидрометеорологиялық қызметі болып табылады.

2. «Қазгидромет» РМК-де Кәсіпорын қызметкерлерінің және оның атынан жұмыс істейтін кез келген адамның бопсалауына және пара алуына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың кез келген басқа түрлеріне тыйым салынады.

3. Кәсіпорын басшылығы өзіне келесі міндеттемелерді қабылдайды:

1) осы Саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін ресурстарды уақтылы бөлу;

2) жеке үлгі көрсете отырып, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру;

3) қызметкерлердің және кез келген мүдделі тұлғалардың кері жазалаудан қорықпастан, өздерінің күмәндары туралы құпия түрде хабарлауын ынталандыру;

4) қызметкерлердің, әріптестердің, контрагенттердің және басқа да тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерінің сақталуын, іскерлік беделін қорғауды қамтамасыз ету;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асыру кезінде коммерциялық құпия режимінің сақталуын ұйымдастыру;

6) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, ISO 37001: 2016 халықаралық стандартының, ішкі рәсімдер мен осы Саясат ережелері туралы хабардар болуын қамтамасыз ету.

7) қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ еңбек міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, стандарттар мен рәсімдерді орындамаған жағдайда, олардың лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан болатын салдар жөнінде түсіндіру;

8) енгізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігін бақылау және мониторингілеу, сондай-ақ олардың орындалуын талдау.

4. Кәсіпорынның барлық қызметкерлері өздеріне келесі міндеттемелерді қабылдайды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша заңнамалық талаптарға, ISO 37001: 2016 халықаралық стандартының талаптарына, ішкі рәсімдерге және Кәсіпорында қабылданған этикалық мінез-құлық нормаларына сай болу;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, басқару, оң нәтижеге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүргізу;

3) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмысын және оны үздіксіз жетілдіріп отыруды қамтамасыз ету;

4) қабылданған бизнесті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы әріптестерге, контрагенттерге және жұртшылыққа хабарлау жұмысын ашық жүргізу;

5) ұжымда ашық және достық ахуал тудыру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны жалпы даму стратегиясының бір бөлігі болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Кәсіпорынның тәуелсіз құрылымдық бөлімшесі болып табылады және сыбайлас жемқорлық схемаларының алдын алу және анықтау бойынша тиісті шараларды қарау, талдау және қабылдау үшін оның барлық қажетті өкілеттіктері бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің «Жедел желі» сенім телефоны: +7 (7172) 79-83-07, +7 (777) 555-99-88 электрондық мекенжайы: [shiyap\\_n@meteo.kz](mailto:shiyap_n@meteo.kz)

**«Қазгидромет» РМК**  
**Бас директоры**

 **Д. Алимбаева**

**27 қыркүйек 2021 жыл**  
**Нұр-Сұлтан қаласы**

## **Антикоррупционная политика Республиканского государственного предприятия «Казгидромет»**

Настоящая антикоррупционная политика является намерением и направлением деятельности Республиканского государственного предприятия «Казгидромет» (далее – РГП «Казгидромет» или Предприятие) в области противодействия коррупции, официально сформулированная высшим руководством Предприятия, с целью помочь соответствовать законодательным требованиям, избегать или минимизировать расходы, риски и ущерб от вовлечения в коррупцию, развивать доверие и уверенность в деловых отношениях, а также улучшать репутацию организации.

1. РГП «Казгидромет» является национальной гидрометеорологической службой Республики Казахстан, осуществляющее официальное информирование государственных органов и организаций о штормовых предупреждениях, надвигающихся опасных и стихийных явлениях природы, метеорологический, гидрологический мониторинг и мониторинг состояния окружающей среды на территории Республики Казахстан.

2. В РГП «Казгидромет» запрещено вымогательство и принятие взяток сотрудниками Предприятия и любыми лицами, работающими от имени Предприятия, а также любые другие формы проявления коррупции.

3. Руководство Предприятия принимает на себя следующие обязательства:

1) своевременно выделять ресурсы, обеспечивающие реализацию настоящей Политики;

2) личным примером формировать культуру нетерпимости к коррупции;

3) поощрять конфиденциальное информирование работниками и любыми заинтересованными лицами о своих сомнениях без страха перед ответными репрессиями;

4) обеспечивать соблюдение законных прав и интересов, защиты деловой репутации работников, партнеров, контрагентов и иных лиц;

5) организовать соблюдение режима коммерческой тайны при осуществлении антикоррупционных мероприятий;

6) обеспечивать информированность работников Предприятия о положениях антикоррупционного законодательства, международного стандарта ISO 37001:2016, внутренних процедур и настоящей Политики.

7) повышать ответственность и разъяснять о последствиях для работников вне зависимости от занимаемой должности, стажа работы и иных условий в случае совершения ими коррупционных правонарушений при исполнении ими трудовых обязанностей, невыполнения антикоррупционной политики, стандартов и процедур;

8) осуществлять контроль и мониторинг эффективности внедренных антикоррупционных процедур, а также анализ их исполнения.

4. Все работники Предприятия берут на себя следующие обязательства:

1) соответствовать законодательным требованиям по противодействию коррупции, требованиям международного стандарта ISO 37001:2016, внутренним процедурам и принятым на Предприятии этическим нормам поведения;

2) выявлять, управлять коррупционными рисками, проводить антикоррупционные мероприятия, направленные на положительный результат;

3) обеспечивать функционирование и постоянное улучшение системы менеджмента противодействия коррупции на Предприятии;

4) открыто вести деятельность по информированию партнеров, контрагентов и общественности о принятых антикоррупционных стандартах ведения бизнеса;

5) создавать в коллективе открытую и дружественную атмосферу.

5. Антикоррупционная политика является частью общей стратегии развития республиканского государственного предприятия «Казгидромет».

6. Антикоррупционная комплаенс служба является независимым структурным подразделением Предприятия и имеет все необходимые полномочия для рассмотрения, анализа, принятия соответствующих мер по предупреждению и выявлению коррупционных схем.

Номер телефона «Горячей линии» антикоррупционной комплаенс-службы +7 (7172) 79-83-07, +7 (777) 555-99-88 электронный адрес: [shiyap\\_n@meteo.kz](mailto:shiyap_n@meteo.kz)

**Генеральный директор  
РГП «Казгидромет»**

**Д. Алимбаева**

**27 сентября 2021 года  
г. Нур-Султан**